«6D051700 – Инновациялық менеджмент» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кусмолдаева Жазира Нурасыловнаның «Қазақстан Республикасында денсаулық сақтау саласындағы инновациялық қызметті тиімді басқару» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1) Диссертация Мемлекет басшысының 2012 жылғы 14 желтоқсандағы "Қазақстан-2050" стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына Жолдауы аясында, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 – 2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында орындалған. 3) Диссертация 2020 жылғы 29 сәуірде жоғары ғылыми-техникалық комиссия отырысының хаттамасымен Қазақстан Республикасында ғылымды дамытудың 2021 – 2023 жылдарға бекітілген "Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер" басым бағытына, оның ішінде "4.0 Индустрияның жаңа жаһандық сын-қатерлері мен трендтері жағдайында ұлттық экономиканы жаңғырту және орнықты дамыту: экономикалық саясат, инвестициялық қаржы жүйесі, құрылымдық-технологиялық және аумақтық-кеңістіктік даму, басқару және бизнес" мамандандырылған бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Жұмыс отандық және халықаралық ғылымға елеулі үлесін қосады және диссертациялық зерттеудің маңыздылығы келесідей: 1) мазмұны бенефициарлардың экономикалық пайдасының болу қажеттігінен тұратын инновацияларды басқаруға қатысты авторлық ғылыми түсіндірме берілді;

			2) денсаулық сақтаудағы инновациялық менеджменттің мазмұндық сипаттамалары мен факторлары жүйелендірілген; 3) кластерлік және регрессиялық талдауды пайдалану негізінде Қазақстан өңірлеріндегі экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты денсаулық сақтауды басқару жүйесіндегі тиімділік пен инновациялылық әдістемесі әзірленген; 4) ҚР-да инновациялық менеджментті жетілдіру жолымен салаға инновацияларды одан әрі енгізу шартымен Денсаулық сақтау жүйесін дамыту болжамы жасалған; 5) ҚР Денсаулық сақтауды тиімді дамытудың инновациялық моделі ұсынылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу принципі сақталған, деңгейі жоғары. Жұмыста отандық денсаулық сақтау жүйесіндегі инновациялық қызметті басқарудың негізгі факторлары анықталып, саладағы инновацияларды тиімді енгізу ерекшеліктері айқындалған. Инновациялық технологияларды белсенді енгізу жағдайында саланың даму тиімділігін арттырудың негізгі жолдары анықталып, республиканың денсаулық сақтауында инновациялық менеджменттің жалпыланған бағасы мен оңтайлы моделі жасалды. Бұл нәтижелерді автордың қарастырылып отырған тақырыпқа арналған ғылыми жарияланымдары да растайды. Сонымен қатар, диссертация «Антиплагиат» жүйесін қолдану арқылы «ҰМҒТСО» АҚ қорымен салыстырмалы-сәйкестендірілген талдаудан өткен. Талдау нәтижесінде сәйкестік айқындалмаған. Растайтын құжат 28.02.2025 жылмен берілген № 1412/16-01-09 Анықтама.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген;	Зерттеудің өзектілігі негізделген, мемлекеттік бағдарламалар мен елдің даму бағыттарына сәйкес келеді. Денсаулық сақтаудың сапасы - қоғам өмірінің әл-ауқатының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Қазақстан Республикасының

		3) негізделмеген.	Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық медицинаны жетілдіру мәселелеріне үнемі назар аударып отырады. Инновация әрқашанда алға жылжуды білдіреді немесе жаңашылдықты ендіруге күш салады. Денсаулықты сақтау әрдайым өсіп келе жатқан талаптарды қанағаттандыруға, жаңа стандарттарға сай болуы керек, ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту өзектілігі туралы Мемлекет басшысы да атап айтқан.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толығымен ашып айқындаған. Диссертация үш бөлімнен, сегіз тармақтан тұрады. Жұмыстың мазмұны диссертациялық зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізілетіндей етіп құрылған.
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертация жазу аясында автор тұжырымдаған зерттеу мақсаты және оған қол жеткізуге бағытталған бірқатар міндеттер диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің міндеттері теориялық-әдістемелік, аналитикалық және қолданбалы сипатқа ие. Қойылған міндеттер жұмыс кезеңдерін логикалық дәйектілікпен құруға мүмкіндік берді, бұл өз кезегінде бар проблеманы неғұрлым толық ашуға, түсінуге және тиімді шешімдерді әзірлеуге ықпал еткен.
		1) сәйкес келеді;	
		2) ішінара сәйкес келеді;	
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері, параграфтары, ережелері, кестелері, мысалдары, анықтамалары, формулалары арасында логикалық байланысы бар.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Зерттеу барысында алынған ең маңызды ғылыми нәтижелер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.

		1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Отандық және шетелдік экономикалық әдебиеттердегі «инновация», «инновацияны басқару» ұғымдарына сыни талдау жасау негізінде «медициналық саладағы инновацияны басқару тиімділігіне қатысты» түсінікке автордың өзінің жеке көзқарасы берілді; Кластерлік және регрессиялық талдауды пайдалану негізінде Қазақстан өңірлеріндегі экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты денсаулық сақтауды басқару жүйесіндегі тиімділік пен инновациялылық әдістемесі әзірленген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа және ішінара жаңа болып табылады. Мазмұны бенефициарлардың экономикалық пайдасының болу қажеттігінен тұратын инновацияларды басқаруға қатысты авторлық ғылыми түсіндірме берілді, бұл әлеуметтік әсерді алумен, оның ішінде денсаулық сақтау сияқты әлеуметтік маңызы бар сала шеңберінде алуға байланысты
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автордың зерттеу барысында жасаған қорытындылары ішінара жаңа және толығымен жаңа сипатқа ие. Қорытындылардың жаңашылдық дәрежесі автордың зерттеу мәселелеріне деген көзқарасымен анықталады. Автор әрбір қорытындысын зерттеу нәтижелері бойынша шығарған. Денсаулық сақтау жүйесінің жұмыс істеу тиімділігінің авторлық анықтамасы берілді, бұл азаматтардың денсаулығын жақсартуға қатысты қол жеткізудің сапалық көрсеткіші және медициналық салада жақсартылған нәтижелерді алумен байланысты тиімділіктің сандық көрсеткіші сияқты түйінді көрсеткіштермен ұштасқан.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Экономикалық және басқару шешімдері ішінара жаңа (25-75% жаңа) және негізделген. Экономикалық басқару саласында қолданылатын жалпы қабылданған ұғымдарды

		1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	медициналық практикада қолданылатын терминологиямен автор жүргізген салыстырмалы талдау негізінде денсаулық сақтаудағы инновациялық менеджменттің мазмұндық сипаттамалары мен факторлары жүйелендірілген, бұл саладағы инновацияны басқару ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік береді
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияда тұжырымдалған қорытындылар ғылыми негізделген және дәлелденген. Автор ҚР-да инновациялық менеджментті жетілдіру жолымен салаға инновацияларды одан әрі енгізу шартымен Денсаулық сақтау жүйесін дамыту болжамын жасаған; ҚР Денсаулық сақтауды тиімді дамытудың инновациялық моделін ұсынған
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі:	Автор үш ғылыми нәтижелерді белгілеп, келесідей қорғауға шығарылған негізгі ережелерді ұсынды: 1. Жұмыста отандық денсаулық сақтау мен медицина ғылымын дамытудың заманауи кезеңі үшін өзекті инновациялық қызметтің теориялық және практикалық аспектілері, атап айтқанда: -медициналық саладағы инновацияны басқару тиімділігіне қатысты авторлық түсінік; -медициналық қызметтер мен көмек саласында қолданылатын экономикалық және арнайы терминдерге салыстырмалы талдау жүргізу негізінде денсаулық сақтаудағы Инновациялық менеджмент факторлары; -кластерлік және регрессиялық талдауды қолдану негізінде Қазақстан аймақтарындағы экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты денсаулық сақтауды басқару жүйесіндегі тиімділік пен инновациялықты есептеу әдістемесі; *7.1 Ереже дәлелденді ме?* *1) дәлелденді;* *7.2 Тривиалды ма?*

		1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	*2) жоқ* *7.3 Жаңа ма?* *1) ия;* *7.4 Қолдану деңгейі:* *3) кең* *7.5 Мақалада дәлелденген бе?* *1) ия;* 2. Денсаулық сақтау мекемелерінің инновациялық қызметін басқару жүйесіндегі анықталған негізгі факторлар саладағы инновацияны басқару ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді; *7.1 Ереже дәлелденді ме?* *1) шамамен дәлелденді;* *7.2 Тривиалды ма?* *2) жоқ* *7.3 Жаңа ма?* *1) жоқ;* *7.4 Қолдану деңгейі:* *3) орташа* *7.5 Мақалада дәлелденген бе?* *1) ия;* 3. Инновациялық технологияларды белсенді енгізу жағдайында саланы дамытудың тиімділігін арттырудың 3 жолы нәтижесінде республиканың денсаулық сақтауында инновациялық менеджменттің жалпыланған бағасы мен тиімді моделін ұсынуға мүмкіндік берді *7.1 Ереже дәлелденді ме?* *1) дәлелденді;* *7.2 Тривиалды ма?*

			2) жоқ *7.3 Жаңа ма?* *1) ия;* *7.4 Қолдану деңгейі:* *3) кең* *7.5 Мақалада дәлелденген бе?* *1) ия;* Зерттеудің негізгі нәтижелері: Нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық журналдар (Scopus) – 2 мақала, ҚР БҒМ білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда – 4 мақала, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конф. материалдар жинағында – 5 мақала.
8.	Дәйектілік қағидаты	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Шетелдік және қазақстандық сарапшы-ғалымдардың еңбектерін қоса алғанда, ғылыми-теориялық, ақпараттық материалдарды, сондай-ақ кластерлік және регрессиялық талдау құралдарын пайдалануға негізделеді
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертациялық нәтижелері сандық зерттеу әдістері негізінде жүргізілген. Олардың негізгілері жалпылау, жүйелеу, салыстыру, талдау, синтез, дедукция, индукция, ұқсастық, жіктеу, экономикалық-статистикалық талдау, регрессиялық және кластерлік талдау әдістері пайдаланған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар синтез, талдау және дедукция әдістері негізінде логикалық негізделген. Автор әзірлеген кластерлік және регрессиялық талдау негізінде Қазақстан өңірлеріндегі экологиялық жағдайды жақсартуға байланысты денсаулық сақтауды басқару жүйесіндегі тиімділік пен инновациялылық әдістемесі математикалық модельдеу жолымен алынған эконометрикалық есептеулер жүргізу арқылы расталды.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Академиялық адалдық принципі сақталған. Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер көрсетілген. Диссертациялық зерттеуде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтемелер келтірілген. Сонымен қатар, маңызды мәлімдемелер автордың өз жарияланымдарымен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған 122 әдебиет көздері әдеби шолуға жеткілікті
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңыздылығы негізінен отандық және шетелдік авторлардың микро және мезо деңгейлеріндегі инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру әдіснамасы мәселелері бойынша ғылыми теорияларына негізделеді
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Жұмыстың практикалық құндылығы зерттеу авторының тұжырымдары мен ұсынымдары денсаулық сақтауды тиімді басқару жүйесінде инновациялық технологияларды енгізуге және денсаулықты жақсарту және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған инновациялық механизмдерді анықтауға негізделген
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Жұмыстың практикалық құндылығы зерттеу авторының тұжырымдары мен ұсынымдары денсаулық сақтауды тиімді басқару жүйесінде инновациялық технологияларды енгізуге
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	және денсаулықты жақсарту және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған инновациялық механизмдерді анықтауға негізделген
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады; 122 әдебиет көздерінің атауынан; 7 кестеден, 27 суреттен, 4 формуладан тұрады; 143 беттен тұрады
11.	Диссертацияға ескертулер		1. Докторлық диссертацияда шетелдік әдебиеттерге сілтемелер бар болғанымен, олардың саны 31 жұмыспен шектелген, бұл зерттеудің халықаралық деңгейдегі ауқымын толық аша алмайды деп есептеймін. Денсаулық сақтау саласындағы инновациялық менеджментті зерттеу үшін әлемдік ғылыми қауымдастықтың соңғы еңбектерін, әсіресе Scopus және Web of Science базаларындағы зерттеулерді кеңірек қарастыру қажет еді. 2. Кластерлік және регрессиялық талдау нәтижелері мен статистикалық мәліметтерді өңдеу әдістемелері диссертацияда нақтыланбаған. Осыған байланысты авторға іріктеу әдісін және деректерді өңдеу әдісін негіздеу ұсынылады. 3. Диссертацияның академиялық жазу сапасы орташа. Ғылыми стиль ара тұра сақталмаған. Кейбір сөйлемдердің мағыналық байланысы дұрыс емес, ресімделу бойынша кішігірім қателіктер бар, диссертацияда сурет 10,11,14 орыс тілінде берілген.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр		1. Scopus базасына кіретін 2 мақала – халықаралық деңгейде мойындалған, беделді ғылыми басылымдарда жарық көрген жұмыстар зерттеудің жоғары ғылыми маңыздылығын көрсетеді. Бұл жарияланымдар зерттеу нәтижелерінің сапасын, олардың жаһандық ғылыми дискурстағы орнын және алынған мәліметтердің сенімділігін дәлелдейді. Scopus деректер базасына кіретін журналдар қатаң сараптамалық

	мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		іріктеуден өтетіндіктен, бұл мақалалар диссертациялық зерттеудің ғылыми құндылығын едәуір арттырады. 2. ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдардағы 4 мақала – бұл мақалалар зерттеудің республикалық деңгейдегі маңыздылығын көрсетеді, сондай-ақ диссертациялық зерттеу нәтижелерін еліміздің ғылыми кеңістігінде тарату ға ықпал етеді. 3. Халықаралық ғылыми конференция материалдарындағы 5 мақала – зерттеу нәтижелерін ғылыми ортада талқылау үшін маңызды.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:
Алматы Менеджмент Университетінің зерттеушісі, PhD

Республикасы Алматы қаласы Білім Қазахстан г. Алматы Учреждение образования «Алматы Менеджмент Университет» Алматы Менеджмент Университет УПРАВЛЕНИЕ ЧЕЛОВЕЧЕСКИМИ РЕСУРСАМИ

Оразгалиева Элмайра Болатбековна

Подпись заверяю
Қол қойғанын растаймын
«06» 03 2025 г.